ЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ТУЫ

ИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

густ Сәрсенбі

жеке саны 20 тыйын.
Шығуына 33 жыл

## Жақсартылған комбайн агрегаттары

ДОНДАҒЫ РОСТОВ, 4 август. (СОТА). «Ростсельмаш» заводының комбайн жасаушылары Старо-Бещев МТС-не Социалистік Еңбек Ері П. Ангелинаның трактор бригадасы үшін жетілдірілген егін жыйнайтын 4 комбайн агрегаттарын жөнелтті. Әрбір агрегатта «Сталинец—6» комбайны, пышақты лущильник, тырнауыштар және екі бөлекті шөмелелегіш бар. Ростов комбайн жасаушылары өздері дайындаған мұндай 50 агрегаттан 20 агрегатты Краснодар өлкесіне, Омск және Куйбышев облыстарына жөнелтті. Басқа да машиналар жөнелтуге дайындалып жатыр. Мұнымен бірге, бітік егінді жыйнау үшін тазартқышы жақсартылған 10 байқау машинасы жер-жерлерге жіберілді.

Заводтың экспериментальдық цехында бірнеше өздігінен жүретін комбайндар дайындалды, олар егін жыйнағанда шынжыр табанмен жүреді. Завод конструкторлары, сол сыякты, комбайндарға біркатар жабдықтар жасады. Кәзірдің өзінде Кубаньның, Ставропольдің, Украйнаның және еліміздің басқа да аудандарының колхоздарына шөп тұқымын, күнбағысты және басқа да дақылдарды жыйнауға арналып жабдықталған машиналар жіберілді.

## ...е жаңа ...ленейік

...анулады керек.
... партия конферен-
... партия оқуы
... жылына әзірле-
... отырған елеулі
...сетті. Аудандық
...терді оқу жылы-
...а тез жоюлады

... мен кандидатта-
...еру партия жу-
... және жауапты
... Ол күнбе- күн
... ұйымдастыру жұ-
...ап етеді.
...рында сабақтар-
...ргізілуі олардың
...уға байланысты.
...ектептердің тың-
...ы білімі және
... адамдардан го-
...дың сапасы да
... тәжрибе көрсетін
...мелер мен саяси
...олықтырғанда әр-
... жеке әңгімелесу,
...не саяси даярлы-

*Қаланың өнеркәсіп орындарында*

## Өрлеу үстінде

Қаладағы «Екпінді» кәсіпшілік артелінің коллективі жыл басынан бері материалды және мемлекет қаржысын үнемдеу, айлық жоспарды мерзімінде орындау жолындағы социалистік жарысты күннен -күнге өрістете түсуде.

Осының нәтижесінде артельде өткен жартыжылдық жоспар мерзімінен бұрын орындалып, жоспардан тыс мыңдаған сомның бұйымдары өндірілді. Сонымен қабат, 13 мың сом қаржы және 800 метр материал үнемдеді. Ал, екінші тоқсанның егін ғана алатын болсақ, артель коллективі 3.565 сом қаржы және 273 метр материал үнемдеп отыр.

Соңғы күндерде В. И. Ленин атындағы Еділ—Дон кеме қатынасы каналының ашылуы күні құрметіндегі вахтаға тұрған коллектив айлық жоспарды мерзімінде 117,5 процент орындап шықты.

Артель бойынша, Галиуллин жолдас басқарған бас киім тігу цехы алда келеді. Цех бойынша жоспардан тыс 1.856 сомның өнімі өндірілді. Бас киім тігу жөніндегі цехта айлық жоспар 123,9 процент орындалды

Коллектив арасындағы социалистік

# Мал қораларын салудың озаттарына теңелейік!

☆ ☆ ☆

## ЖЫЛЫ ӘРІ БЕРІК МАЛ ҚОРАЛАРЫН САЛУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСІ

**(Конюхов ауданындағы «Красная крепость» колхозы құрылыс бригадасының мал қораларын салу тәжрибесінен).**

* * *

Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздарының мал өсірушілері мен құрылысшылары быйыл мал қораларын салуды өткен жылдағыдан анағұрлым ұйымшылдықпен ұйымдастырып отыр. Бұл жөнінде Конюхов ауданындағы «Красная крепость» колхозының Григорий Канашков жолдас басқарған құрылыс бригадасының жұмысы басқаларға үлгі боларлықтай.

Қоғамдық малды жылы, жарық, әуесі кең және берік корамен камтамасыз ету үшін быйыл колхоз басқармасы ерте көктемнен-ақ құрамында 42 адам бар тұрақты құрылыс -жөндеу бригадасын ұйымдастырды. Мал қоралары құрылысының және мал қораларын жөндеудің жоспары жасалып, ол колхозшылардың жалпы жыйналысында талқыланды да, бекітілді.

Жоспар жасалып, жұмысқа рұқсат етілгеннен кейін құрылысшылар қымбат уақытты босқа өткізбей, іске кірісті.

шақ қора қабырғаларының биік бойына бағаналар орнатылып, олардың арасынан тақтайдан қалқандар жасалды. Бағаналардың бір-бірінен алыстығы үш метр. Қос бағаналардың аралығы қора қабырғасының қалыңдығы 60 сантиметр келетіндей болып белгіленді.

Қора құрылысын тездету және жұмысты сапалы атқару мақсатында, құрылыс-жөндеу бригадасы 5 звеноға бөлінді: бірінші звенода 4 ағаш шебері бар. Олар бағаналар орнатады және қалқандар жасайды. Қалқандардың арасына балшық құйылып жатқанда ағаш шеберлері қора қабырғасының келесі бір бөлегінде сондай құрылыс жұмыстарын жүргізеді. Ал, екінші бір шеберлер терезе мен есіктің рамаларын жасайды, оларды әйнектейді.

жатқан колхозшыларға береді. Сұйық балшық құйылып, қабырғаның белгілі бір қабаты әбден жентектелгеннен кейін сабан салу және оның үстіне балшық құю процесі қашан қораның қабырғасы тиісті биіктікке жеткенше қайталана береді.

Колхозшылар балшық қабырғаның биіктігін бір метрге жеткізеді де, қабырғаның ұзын бойында басқа жұмыс атқарады. Біраз уақыт өткеннен кейін алғашқы құйылған балшықтың ылғалы кеуіп, ол жерлер тығыздалады. Құрылысшылар алғашқы балшық құйылған жерге текқана екі аптадан кейін оралады. Қора қабырғаларының, әсресе, оның бұрыштарының берік болуы үшін әрбір сабан қабатының арасына тал салынады, салынған талдың жапырақтары топтастырыла байланады, сөйтіп, сабан және тал бір-бірімен араластырылып, үстінен балшық құйылады да, жентектеледі.

Өткен жылы колхоздың құрылысшылары осындай әдіспен 100 сыйыр және

бақылау, тексеру жұмысының нашарлығынан бірсыпыра коммунистер марксизм-ленинизмді өздігінен оқушылар болып қағаз жүзінде ғана есептелді, шын мәнінде олар өздігінен оқыған жоқ. Мұнымен қатар, Октябрь, Преснов сияқты аудандарда үйірмелер мен саяси мектептер даярлығы жақсы насихатшылармен қамтамасыз етілген жоқ. Мұның салдарынан сабақтардың идеялық дәрежесінің төмен болуына немесе өтпей қалушылығына жол берілді.

Кәзір облысымыздың партия ұйымдары партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылына қызу әзірленуде. Оқу жылы қалада 1 октябрьде, ауыл -селолық жерлерде 15 октябрьде басталады. Жергілікті партия ұйымдары қалған уақытты әрбір үйірмені, саяси мектепті, кешкі партия мектебін жаңа оқу жылына тыңғылықты үйірмелер мен саяси мектеп насихатшыларының тұрақты семиналарын өткізу ісін енді мықтап қолға алу керек. Тұрақты семиналарды өткізудегі бұрынғы кездескен кемшіліктерге енді жол берілмеуге тиіс. Насихатшылар мен консультанттарға үнемі көңіл бөліп, оларға теориялық білімін және насихатшылық шеберліктерін арттыруы ісінде көмектесіп отыру—партия ұйымдарының ең абройлы борышы.

Партия насихаты —партия жұмысының аса маңызды саласы. Партия оқуы жүйесінде жаңа оқу жылына тыңғылықты әзірленуді қамтамасыз етіп, облыстың партия ұйымдары партия насихаты жұмысын жоғары дәрежеге көтереді, коммунистердің және партияда жоқ барлық кадрларымыздың идеялық -саяси білім дәрежесін одан әрі арттыруға жетіседі.

## Жоспардан тыс мұнай

ГУРЬЕВ. (ҚазТАГ). Комсомольск кәсіпшілігінің мұнайшылары Ленин атындағы Еділ—Дон кеме қатынасы каналының ашылу күнін өндірістік табыспен атап өтті. Мұнай өндірудің айлық жоспары мерзімінен бұрын орындалды. Жыл басынан бері мұнай өндірудің тәуліктік жоспары бес тонна арттырылды, өнімнің өзіндік бағасы бес процент арзандатылды.

Бұл табыс—технологиялық режимнің қатаң сақталуының нәтижесі. Пайдаланылмай келген бес скважина қатарға қосылды. Мастерлер Байсырымов пен Келібаевтың участоктері кәзірдің өзінде август айының есебіне жұмыс істеуде.

### МАЛ ЖАҚСЫ СЕМІРУДЕ

ТОҚАРЕВКА. (Қарағанды облысы). (ҚазТАГ). № 1 совхоздың коллективі Сталин жолдасқа жазған хаттағы мал шаруашылығының өнімін арттыру жөніндегі міндеттемелерін ойдағыдай орындауда. Мемлекетке ет тапсырудың жеті айлық жоспарын мерзімінен бұрын орындап, совхоз мемлекетке тапсырмадан тыс жүздеген центнер ет өткізді. Көктемде мемлекетке тапсырылуға тиісті малдар жайып семіртілуде. Малды күні-түні жаю, құнарлы жемшөп беру—оның жақсы семіруін қамтамасыз етті. Малдың жақсы семіруі нәтижесінде совхоз мемлекетке 80 малды кем тапсырды.

### КИНОФИЛЬМДЕРДІ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРУ

Алматы киностудиясы қазақ тіліне аударған «Ұмытылмас 1919 жыл» фильмі республиканың экрандарында көрсетіле бастады. Кәзір студия Венгрияның «Батыс аймақ» және советтік «Индияда» деген фильм қазақ тіліне аудару жөніндегі жұмысты аяқтап келеді. «Әркімге еңбегіне қарай», «Кішкентай гүлдер» ғылми-көпшілік фильмдері және «Ауыл шаруашылығының жаңалықтары» деген үш киножурнал қазақ тіліне аударылуда.

(ҚазТАГ).

қарған комсомолец-жастар бригадасы да жетті.

Депо комсомолецтері мен жастары өткен айда қолжеткен табыстарын кәзір де баянды етуде. Деponың 5 комсомолец-жастары паровозшылар бригадасы осы айда 7 ауыр салмақты поезд жүргізді. Кәзір булардың барлығы бесжүзшілер қатарына қосылу үшін күресуде.

**Т. ҮСЕНОВ.**

Возвышен астық совхозының механизаторлары мен мал өсірушілері мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыру жолында қажырлылықпен еңбек етіп, Сталин жолдасқа жазған хатта алған міндеттемелерін іс жүзінде орындау үшін күресуде.

Совхоздың № 2 бөлімшесінің комбайншысы К. Урупаха, тракторшы К. Вилмор және комбай... симова комб... тық дақылда... сырмаларды ... дап жүр. Мұ... на мал азық...

Совхоз ма... өсірумен бір... руда. Сауын...

## *Егін жыйнау мен астық дайындау жұмыста...*

## *№ 1 квитанция*

Таңқараңғысы. Элеватор лабораториясының алдында машина гудогі естілді. Лабораториядан шыққан қыз шоферді бірден-ақ таный кетті.

—Қош келдіңіз,—деді ол шоферға.

Іске сәт деңіз,—деді шофер.

Бұл Мамлют ауданындағы «Завет Ильича» ауылшаруашылық артелінің шофері Зинченко жолдас еді. Ол бүгін таңқараңғысынан тұрып, алғашқы бастырылған астықты дайындау орнына әкеліп тұр. Әкелінген астықтың сапасы ойдағыдай болып шықты. Элеватор қызметкерлері «Завет Ильича» колхозына алғашқы тапсырылған 20 центнер астығы үшін № 1 квитанцияны жазып берді.

«Завет Ильича» колхозы аудандағы шаруашылығы мығым артельдің бірі. Быйыл колхоз мүшелері 500 гектар күздік егін жыйнайды. Кәзір барлық колхозшылардың, сол сияқты, комбайншылардың негізгі мақсаты—бітік шыққан егінді қысқа мерзімде жыйнап алып, мемлекет алдындағы бірінші парыз—астық дайындау жоспарын мүлтіксіз орындап шығу болып отыр. Колхозшылар мен механизаторлар арасындағы өріс алған социалистік жарыс, міне, осыны дәлелдейді. Колхоз егін даласында жұмыс істеп жүрген Лидия Хильченко және Хуторная сияқты комбайншылар колхозшылардың құрметіне ие болды.

Егін жыйнау мен астық дайындау Сталин атындағы және Ворошилов атындағы колхоздарда да қызу қолға алынды.

**А. КУМИНОВ.**



«Қазақстанның 30 жылдығы» ауылшаруашылық арт... Петропавл ауданында бірінші болып кірісті.

Комбайншы А. Кункеев «Сталинец—1» комбайнымен ...там егінді ысырапсыз жыйнап жүр.

СУРЕТТЕ: А. Кункеев жолдас «Қазақстанның 30 ж... бидай жыйнап жүр.

Сурет...

## Егіннен мол өнім жый...

Жамбыл атындағы ауылшаруашылық артелінің колхозшылары ауданда бірінші болып мемлекетке астық тапсырды.

«Красный пахарь» және Буденный атындағы колхоздар да алғашқы жыйналған арпа мен сұлының әрбір гектарынан 14—15 центнерден өнім алынуда.

Мұндай та... хоздың колхо... кәзір көпжыл... тар, 250 гек... жыйнады.

**Петропавл**

## ...МЫСЫ

# ...ашылық жұмыстар ...імеген жерде

...ДЫҚ
...СЫНАН

...ететінін,
... Киров
...ыйнауға
...рге, ол
...ен пар-
...комбайн-
...дай ту-

...адрларды
...сіне тоқ-
...млекетке
...ыру же-
...ындалуы
... айтты.
...кемелері
...ауынан,
... арттыр-
...удандық
...ы По-
... іріктеп

...ысы ор-
...ренцияға
...байнмен
... дұрыс
...ыл ста-

...дателінің
...да үкмет
...зы жұн-
...өніндегі
... орын-
...нақтылы
... негізгі

нап, аудандық комитеттен аталған партия ұйымдарына үнемі назар аудару жөнінде орынды талап қойды.

Аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Царев жолдас өзінің сөзінде аудан партия ұйымдарында партия- саяси және үгіт- бұқаралық жұмыстардың қанағаттанғысыз ұйымдастырылуы жөнінде көптеген мысалдар келтірді. Алайда, ол өзі басқарып отырған бөлімнің идеологиялық жұмыстардың дәрежесін жақсарту үшін қандай шаралар қолданып отырғаны жөнінде ештеңе айтпады.

Қала жанындағы орман шаруашылығы партия ұйымының секретары Кретинин жолдас аудандық партия комитетін бастауыш партия ұйымдарына жеткіліксіз басшылық жасағаны үшін сынады. Біздің партия ұйымында,—деді ол,— екі жылдың ішінде есеп беру -сайлау жыйналысы бір -ақ рет өткізілді. Бұған аудандық комитет тікелей кінәлі. Өйткені, аудандық комитеттің тиісті бөлімі есеп беру- сайлау жыйналысын өткізіңдер деп нұсқау берсе, оның секретары Исаков жолдас өткізбеңдер деп нұсқау берді.

Аудандық комсомол комитетінің секретары Богунова жолдас комсомолецтер мен жастарды коммунистік рухта тәрбиелеу жөніндегі міндеттерге тоқтала келіп, конференция делегаттарын комсомол және пионер ұйымдарының жұмысына басшылықты жақсарта беруге шақырды.

Петропавл МТС-і директорының саяси жұмыс жөніндегі орынбасары Стегандев жолдас аудандық партия комитетінің нұс-...

# Мектептер жаңа оқу жылы қарсаңында

☆

## Ұйымшылдықпен жүргізуде

Совет ауданындағы Ленин атындағы іріленген колхозда екі жетіжылдық, бір бастауыш мектеп бар. Ауылдық Советтің депутаттары мен активтері және колхозшылар бұл мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеу жұмысын өткен жылдағыдан көп ерте қолға алып, ұйымшылдықпен жүргізуде. Мұнда қазақ кластары үшін жаңадан 5 бөлмелі әсем мектеп салынып жатыр. Мектепте қысқа қажетті отын толық әзірленіп болуға жақын. Қазір колхозшылар мектеп үйінің іші, сыртын сылау жұмысын қызу жүргізіп жатыр.

Жаңа оқу жылына әзірлік жұмысының маңызды бір саласы—оқу жасындағы балалардың есебін дұрыс алу, оларды оқуға қамту болып табылады. Мұнда қазір оқушылардың есебі толық алынып болуға жақын.

Оқушы балалардың тізімін алуда мұғалімдер Чернышева және Мұқанов жолдастар үлгі, өнеге көрсетуде.

Сонымен қатар мұнда мектеп жанындағы кітапхана әртүрлі көркем әдебиеттермен толықтырылды, керекті оқу құралдары сатылып алынды.

**Қ. ӘБДІҚАЛЫҚОВ.**

## Толық әзірленді

Камышлов селолық Советінің активтері Совет ауданы еңбекшілерінің үндеуін өздерінің кезекті сессиясында талқылап, Совет көлеміндегі мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеу туралы шаралар белгілеген болатын.

Селолық Советтің председателі Локшин жолдас жаңа оқу жылына әзірлік жөнінде...

# Кореядағы оқиғалар

## ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 4 август. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 4 августа былай деп хабарлады:

Өткен күні біздің құрамаларымыз майданның жекелеген участоктерінде бұрынғы шептерде қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды.

Бүгін американ империалистік жыртқыштар Пхеньянның маңындағы бейбіт елді пункттерге қарсы 100 самолет жіберді. Бомбалаудың және атқылаудың нәтижесінде 200-ден аса шаруалардың үйлері жанып кетті және көптеген шаруалар өлтірілді.

Біздің зенит артиллериямыз бен жау самолетін аңдушы атқыштарымыз жаудың 6 самолетін атып түсірді және 5 самолетін зияндады.

# Американдықтардың Паньмыньчжондағы конференция ауданын атқылауы

ПЕКИН, 3 август. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан былай деп хабарлады:

2 августа, күндізгі сағат 4 пен 7-нің аралығында американдықтар Паньмыньчжондағы конференция ауданын атқылаған. Бұл конференция ауданы жөніндегі екі жақ арасында жасалған келісімді американдықтардың жаңадан бұзғандығы болып саналады.

Корей және қытай жағының бас байланыс офицері полковник Чан Чун Санға 3 августа екінші жақтың бұл келісімді қатаң сақтауына және мұндай соқтығысудың қайталанылуының алдын алуға барлық шараны қолдануы жөнінде наразылық білдіру және соны талап ету тапсырылды.

# Әскери қызмет мерзімін ұлғайтуға қарсы

БРЮССЕЛЬ, 4 август. (СОТА). Баспасөздің хабарлауына қарағанда, Бельгияда әскер қызметі мерзімін ұзартуға қарсы шығып отырған солдаттарға тілектестік ұранымен еңбекшілердің ереуілі болып жатыр.

«Дерньер эр» газеті, өнеркәсіпті Льеж ауданында ереуіл жасаушыларға жаңа шахталардың жұмысшылары қосылды деп жазады. «Драпо руж» газеті, 2 августа өнеркәсіпті Льеж ауданында тілектестік ереуілінің жаппай ереуілге айналғандығын атап көрсетеді. Ереуілге 35 мың шахтерлер мен негізгі кәсіпорындарының жұмысшылары қатысуда. Ереуілге, сол сияқты, Боринаждың, Шарлерудың бірқатар шахталары мен Брюссель мен Юидың кәсіпорындарының жұмысшылары қатысуда.

«Драпо руж» газеті, Антверпендегі Борхт, Каст, Монс (Эно провинциясы), Спа (Льеж провинциясы) казармаларында да әскер қызметінің мерзімін ұзартуға байланысты солдаттардың жаңадан ереуілге шыққандығы туралы хабарлайды. Вервье қаласында (Льеж провинциясы) қарсылық білдіріп, демонстрацияға қатысқаны үшін 25 солдат абақтыға қамалған.

# Батыс Берлин жастарының жыйыны

